



Мәжіліс

# Таңда тың жобалар жүзеге асады

Аймақта Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығы – «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» негізге алынып, оны іске асыруға басымдық берілген. Ауылдық елді мекендердің алдағы жоспарлары, өркендеу мүмкіндіктері қарастырылуда. Осы орайда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдегі ауылдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын, даму бағыттары талқыланған мәжіліс өтті.



– Өткен жылы ауыл игілігі үшін мемлекеттік бюджеттен 18 млрд теңге қаржы берілді. «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 47 елді мекенде 216 жобаны жүзеге асыруға 12 млрд 400 млн теңге бөлінді. Биыл бағдарлама аясында 11 млрд теңгеге 67 жоба мекеленген.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 3 млрд теңгеге 404 жоба жүзеге асты. Биыл 6 млрд теңгеге жуық қаржыға 800-ден астам жоба жоспарланған. Өткен жылдан бері қолға алынған «Үлгілі елді мекен» жобасы аясында жеңілдік 12 елді мекенге күнделікті ел тұрғынына қажетті заманауи үлгідегі 29 арнайы техника

берілді. Тағы 12 ауылдық елді мекенге газ кіргізіліп, қазіргі кезде табиғи газдың игілігін пайдаланатын ауыл саны 34-ке жетті. Биыл 4 млрд теңгеге 12 елді мекенді «көгілдір отынмен» қамтамасыз етеміз. Мұның барлығы – ағайынның әл-ауқатын арттыру бағытында жасалған жұмыстар, – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте Таң ауылдық округінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, ондағы кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, құрылыс салаларын өркендетудің жолдары талқыланды.

– Бұл ауылға соңғы 5 жылда 2,4 млрд теңге қаражат бөлінді. Соның 1,3 млрд теңгесі демеушілік есебінен, яғни осы ауылдың тумасы Имамзада

Қуанышбайұлы өз қаржысын салған. Осылайша халықты тұрақты жұмыспен қамтып келеді. Былтыр қараша айында арнайы көшпелі мәжіліс өткізіп, тиісті тапсырмалар берген болатынбыз, – деді аймақ басшысы.

Жиында аудан әкімі Ардақ Ибраимов және бірқатар басқарма басшылары баяндама жасады. Өткен жылы Таңдағы бірқатар әлеуметтік нысандар мен автомобиль жолдарын жөндеуге жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, бюджет есебінен қаржыландыруға ұсынылды. Биыл 4 жобаға облыстық бюджеттен 813,9 млн теңге бөлінді. Мәдениет үйін күрделі жөндеудің жоба-сметалық құжаттамасы мен эскиздік жобасын әзірлеуге Алматы, Түркістан қалаларындағы тәжірибелі сәулетші мамандар қатысты. Жоба құны – 377,4 млн теңге. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланды, қорытындысы 26 қаңтар күні анықталады.

Сондай-ақ «Таң-Жаңақоныс» автомобиль жолын қайта жаңғыртуға 287,6 млн теңге, «Таң-Самұрат» автомобиль жолын қайта жаңғыртуға 118,8 млн теңге, қосымша 1-ші су көтеру ұңғымасын қайта қазуға 30 млн теңге бөлінді. Бұл жобалардың мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілуде. Ауылға кіреберістегі «Бозарық» қаналының көпірін қайта жаңғыртуға және 4 көшені жарықтандыруға ЖСҚ әзірленіп, бюджеттік өтінімдер жолданды. Ішкі көшелерге ағымдағы жөндеу жұмыстары аудандық бюджет есебінен іске асырылмақ. Өндірістік ғимараттар мен «Таң LTD» ЖШС-ның демеушілігімен салынатын жаңа тұрғын үйлер-

дің орналасатын орындары белгіленіп, эскиздік жобаға енгізілді.

Мұнан бөлек биыл ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің «Ауылда, кентте, ауылдық округте жалға берілетін тұрғынжай салған жұмыс берушілердің шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы күшіне енді. Осы орайда Құрылыс комитеті кәсіпкердің тұрғын үй құрылысына кеткен шығындарының 50 пайызын субсидиялауға мүмкіндік бар екендігін хабарлады. Жұмыс аяқталған соң бюджеттік өтінімдер тапсырылады.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автоделізінен Таң ауылына кіреберіс жолдың бойына ағаш егу үшін облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы қажетті көшеттермен қамтамасыз етеді. Ал тал егу және су апару жұмыстарын «Таң LTD» ЖШС жүзеге асырады.

Сонымен қатар «Ауыл аманаты» жобасы аясында құс өсіру жобасы пысықталды. Қазіргі уақытта 500 басқа арналған тауық шаруашылығын ашу бағытында жеке кәсіпкер Д.Доспановтың құжаттары әзірленуде.

Жиында аталған жобаларды іске асыру мерзімдері мен барысы егжей-тегжейлі талқыланып, жауапты сала басшыларына жұмысты сапалы әрі мерзімінде аяқтау туралы тиісті тапсырмалар берілді. Алдағы уақытта өңірдегі басқа да ауылдардың даму жоспарлары, мүмкіндіктері кезек-кезеңімен жан-жақты қаралады.

Жандос ЖАЗКЕН



## Жақсыбек Әбенov – «Иманқұл» мешітінің бас имамы

Қызылорда облысы «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаев ауданға арнайы келіп, мешітіміздің бас имамын тағайындады. Сондай-ақ осыған дейін аудандық «Иманқұл» мешітінің бас имамы қызметін атқарған Асхат Асқарұлының жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

– Асхат Асқарұлы қызмет атқарған кезеңінде аз да болсын ауданда діни тұрақтылықтың сақталуына үлес қосты. Іскерлік және ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында және білімділігімен халыққа сапалы қызмет көрсете білді. Сонымен қатар әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларға қайырымдылық көмек көрсету, шәкірт тәрбиелеу жұмыстарын да ұйымдастыра білді. Бүгінгі күнге дейін аудандағы діни қызметінде белсенділік танытқаны үшін өз алғысымды білдіре отырып, жаңа қызметіне сәттілік, абырой тілеймін, – деді облыстың бас имамы Дастан Жанасұлы.

Ақмешіт-Сырдария мешітінің бас имамы Дастан Құрманбаев Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас муфти Наурызбай қажы Тағанұлы Өтпеновтың 2024 жылғы 11 қаңтардағы №183 бұйрығына сәйкес аудандық «Иманқұл» мешітінің бас имамы қызметіне Әбенov Жақсыбек Әбиұлы тағайындалғанын жеткізді.

Жақсыбек Әбенov 1980 жылы Қызылорда облысы Арал ауданы Арал қаласында қарапайым жұмысшы отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын 2002-2007 жылдары Қызылорда облысы Арал ауданы Аманөткел ауылы «Мұхаммед ишан» мешітінде имам болып бастаған. Кейін Қызылорда облысы Арал ауданы Қаратөре ауылы «Мәмбетәлі ахун» мешітінде имам, Қызылорда облысы Сырдария аудандық мешітінде бас имам, Алматы қаласы Алатау аудандық «Бекет ата» мешітінде наиб имам, Қызылорда қаласы «Алдажар» мешітінде имам, Қызылорда облысы Қармақшы аудандық «Қармақшы ата» мешітінде бас имам, Қызылорда облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің бірінші наиб имамы қызметтерін абыроймен атқарған.

Дастан Құрманбаев жаңа қызметке кірісіп жатқан әріптестерінің жұмысына сәттілік тіледі.

«ЖОЖ» ақпарат

Мәселе

# Екпеден неге бас тартамыз?

Адамзат баласы жаратылғаннан бері өмір сүру мақсатында денінің саулығы үшін күресіп келеді. Біздің ата заңымызда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп атап көрсетілген. Қазақстанда балаға туғаннан бастап, 16 жасқа толғанға дейін 10 түрлі ауруға қарсы 20-дан астам екпе салынуы тиіс екен. Бұл екпелердің біразы міндетті, бірқатары ерікті болып есептеледі.

Адам – мемлекеттің басты капиталы, яғни байлығы, болашағы, күш-қуаты, тірегі һәм ғұмыры. Ал адам денсаулығының саулығы – мемлекеттің ғана емес, барша адамзаттың жарқын болашағының бірден-бір кепілі. Не десек те ақталатты абзал жандармен біршама үкілетті мекеме қызметкерлерінің түсіндіру жұмыстарын жүргізуінің кемі жоқ, дегенмен аудан көлемінде екпеден себепсіз бас тартушылар да жоқ емес. Ол азаматтардың бірқатарымен кездесіп, түсінік жұмыстарын жүргізгенімізбен райынан қайтпай отырғандары да бар. Оларды әуелі екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Біріншісі, «екпеден кейін жас баланың ағзасы дәрін кері өсеріне ұшырауы мүмкін» деген қорқыныш пен үрей. Қазір ғаламтор көпшілік үшін көпжөтімді жағдайда. Барлығымыз ғаламторды пайдаланамыз. Ғаламторда ақпарат өте көп, олардың арасында өтірігі, расы, ресми, ресми емесі де, барлығы бар. Сондықтан вакциналардың өндірушілердің арасында өзара бәсекелестік болғандықтан олар бір-бірі туралы түрлі жағымсыз ақпараттарды қасақана беруді де мүмкін. Нәтижесінде түптері тексерілмеген түрлі жағымсыз ақпараттарға сеніп қалып жатамыз.

Екіншісі, діни ұстанымдарына байланысты сылтауратып екпеден бас тарту. Бұл жағдайлар көбіне дәстүрлі емес діни ағымдардың жетегінде кеткен азаматтарда байқалады.

Деструктивті діни ағымдар қоғамдық қауіпсіздікке, неке және отбасы институтына, адам денсаулығына қатер төндірелі. Олар өздеріне және отбасы мүшелеріне медициналық рәсімдердің кейбір түрлерінің мысалы, қан құю, донорға қан беру, вакцинация, аға мүшелерін трансплантациялау т.б. бас тартады. Енді осы мәселеге ерекше тоқалып, көңінен тарқатып айтсақ...

Дін тұрғысынан келгенде денсаулық Жаратушыдан берілген аманат екенін ескерсек, әрбір адам баласы аманатқа қиянат жасамай, денсаулығын күтіп, ауырмаудың жолын іздеуі керек. Ал шариғат негіздеріне сүйенсек, егер денсаулыққа зиян келтірмесе және емдік сипатта болса, екпе алудың ислам дініне ешқандай қайшы келетін тұстары жоқ. Мысалы, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың хадистерінің бірінде: «Бәдеуілер: «Иә, Расулұллаһ! (с.ғ.с.) Біз емделу үшін ем қолдансақ бола ма?» – деп сұрағанда, Расулұллаһ: «Иә, Ей Алла Тағаланың құлдары! Ауырған жағдайда емделіңдер. Өйткені Алла Тағала әрбір аурумен бірге оның шипасын да жаратқан. Тек бір аурудың шипасы жоқ» – деді.

– Я, Расулұллаһ! Ол қандай ауру?

– Ол – көрілік.

Хадисті Усама ибн Шариктен Имам Бухари, Имам Ахмад, Имам ибн Мажәһ, Имам Дауд, Имам Терми-зи және Имам Насай риуаят етті. (Сахих хадистер 2 том. Алматы 2004.)

Қасиетті құран кәрімде Ниса сүресі, 58 аятта: «Негізінен Алла сендерге аманаттарыңды өз лайық орнына тапсыруларыңды өмір етті» деген. Ал енді қазіргі уақытта діни сауатсыздықтың салдарынан діни фанатизмге бой алдырған кейбір азаматтарымыз «анау басам, мынау бидғат, оны істесең тозаққа түссің т.б.» деген сияқты жаңсақ пікірлерімен өз адасқандарымен қоймай, жұртты да адастыруда.

Осыған орай Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ғұла-малар кенесінің шешімі бойынша 2015 жылдың 25 мамырында құрамында этилдік спирт бар дәрі-дәр-мектерді қолдануға болады деп пә-туша шығарылды. Шығарылған шариғи ұкім мынадай тармақтардан тұрады:

1. Спиртті ішімдік ретінде қолдануға шариғи тұрғыдан тыйым қо-лады. Алайда негіз емес.

2. Құрамында спирт болған дәріні деңізің сыртың бөлігіне қолдануға болады.

3. Егер спирт қандай да бір дәрі-нің құрамында болып, болмысы мен сипатын жо-ғалтпаған деп тұжырымдаса, төмен-дегі шарттарды ескере отырып ішуге бо-лады.

4. Ал егер сала мамандары спирт қандай да бір дәрінің құрамында болып, болмысы мен сипатын жо-ғалтпаған деп тұжырымдаса, төмен-дегі шарттарды ескере отырып ішуге рұқсат:

Аса зәру жағдайда құрамында спирті бар дәрінің орнын басатын ба-



лама таза дәрі табылмаса; құрамында спирт қосындысы бар дәрі науқастың оңалуына септігін тигізсе;

Жоғары білікті әрі сенімді дәрігер-дің нұсқауымен пайдалануға болады.

### Екпе туралы Ата заң не дейді?

Елімізде балалардың құқығын, денсаулығын қорғау Ата Заңмен белгіленген. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің 89-бабының 1.1-тармағында «Әрбір бала денсаулық сақтау жүйесінің заманауи және тиімді қызметін, ауруларды емдеу құралдарын пайдалануға және денсаулығын қалпына келтіруге құқылы» және 156-бабының 1-тармағында «Қазақстанда тұратын физикалық тұлғалар кепілді ақысыз медициналық көмек шеңберіндегі инфекциялық және паразитарлық ауруларға қарсы алдын алу екпелерін алуға міндетті» деген жолдар бар. Сондай-ақ «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы Заңының 3 бабының 9 тармағының 1 тармақшасында «Дін

мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидатына сәйкес діни бірлестіктер: мемлекеттік органдардың функцияларын орындамайды және олардың қызметіне араласпайды» деп, ал осы тармақтың 3 тармақшасында «Діни бірлестіктер Қазақстан Республикасы заңнама-сының талаптарын сақтауға міндетті» деп нақты көрсетілген. Осыған орай екпенің құрамында адам денсаулығына жағымсыз әсер ететін дәрілік компоненттер болмаса, ал-лергиялық және т.б. себептермен ағ-заның қабылдау фактілері алдын ала тексеріліп, зертханалық сарап-таудан өткізілген екпені қабылдау ешқандай даулы мәселе туғызбайды деп есептейміз.

ҚР-ның дін саласындағы мемле-кеттік саясатының 2017-2020 жыл-дарға арналған тұжырымдамасында: Денсаулық сақтау жүйесі. Ел аза-маттарының жыныстық несіліне, этносина, тіліне, әлеуметтік шығу-төгіне және діни сеніміне қарамастан оларға толық медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету әлеуметтік мемлекеттің бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

Діни бірлестіктер мен оның өкіл-дері адам денсаулығы мен өмірін тек медициналық жолмен ғана сақтау

мүмкін болған жағдайда азаматтар-дың медициналық көмектен бас тар-туға шақырмауы тиіс» деген жолдар бар.

Ислам діни бойынша адамның өмірі – Алланың аманаты. Ал бұл аманатқа қиянат жасау – діни көз-қарас бойынша күнә. Денсаулыққа көңіл бөліп, салауатты өмір сүру керек. Сондықтан екпені қабылдап, аурудың алдын алу да ислам дініне сай нәрсе. Бұдан басқа жыл сайын қажылық кезінде Сауд Арабиясына барғандарға әуежайда ұшақтан түс-кен бойда басқа құрлықтан алыс аймақтардан келген адамның ауру жұқтырып, сырқаттанбауы үшін вак-цинамен екпе жасалады. Яғни на-ғыз мұсылман елі деп есептелетін Сауд Арабиясының өзінде вакцина жүргізіледі. Керіп тұрғаныңыздай, «вакцина мұсылман дініне сәйкес келмейді» деп дау-дамай ұшаққа ешқандай нәзіз жоқ. Қазақстан мұ-сылмандар діни басқармасының «Дәстүрлі ислам екпені мойындайды, екпе алуға болады» деген арнайы пә-туасы да бар.

Арыстанбек БАЙҚАБЫЛОВ, аудандық қоғамдық даму бөлімінің әдіскері

**Б.Соқпақбаев – 100 жыл**

«Айтарын ашып айтқан абайламай,  
Дарива-ай, Махамбеттер, Абайлар-ай!».

М.Мақатаев

# Тау басындағы адам

Шығармашылығына үңілген кезде «ол үшін жазу еш қиындық тудырмаған ең оңай шаруа болған екен-ау» деп ойлана бастайсың әуелде. Өмірбаянына қанық оқырманға ол отыра қалып, бастан кешкен оқиғаларын тізбектеп шыға салғандай әсер қалдыруы мүмкін. Тағы да үңіле қарағанда осы бір қалам иесінің әрбір туындысындағы кейіпкерлер таныс ұшыраса бастайды. Көзі тірісінде-ақ балалар әдебиетінің классигі атанған жазушы шығармалары қанша уақыт өтсе де оқырмандарын өсте жоғалтқан емес. Кітапқа деген «көзқарастың өзгерген» дәуірінде де оның туындылары бұрынғы тұғырынан еш аласармапты.

\*\*\*

Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің классигі. Балаларға арнаған өлеңдерін айтпағанның өзінде қаламгердің әйгілі «...Қожасы» мен «Балалық шаққа саяхат», басқа да туындыларындағы негізгі кейіпкерлердің көбі – балалар. Оның бас кейіпкері өзі суреттеуге құмар ауылының шаңдақ топырағына аунап келіп, анасының құлағына сіңіп кететін қалаңсыз балақай емес. Қайшылықтар өрбіген сайын бас кейіпкер «бала» өмірдің қалтарыс-бұлттарыстарын бастан кешкен ойы жаңа айналып, көз алдында есейіп бара жататындай.

\*\*\*

Оның шығармашылық желісі өткен ғасырдың екінші жартысында әдебиет табалдырығын аттаған классиктер шоғырының біраз бөлігінің қаламына арқау болған тақырыптардан оншалық алшақ емес. «Балалар әдебиетінің жазушысы» деп атағаны болмаса туындыларының желісі сол дәуірдегі адамдардың түгелі дерлік қасіретін тартқан ашық пен соғыс тақырыбын аттап кетпеген. Бірақ қаламгердің айтатын ойы басқашалау. Сол кездегі өпкешпен алғанда идеялық тұрғыдан «көңіл көншітпейтін» туындылар.

«Ол тек балаларға арнап жазды» деген жаңсақ ойымнан біржола арылған шығармасы – «Өлеңдер қайтып келмейді». Ауылдағы аурушаң шешесіне қолғабыс болып жүретін бас кейіпкер бозбала Еркіннің өзі армандаған жазушы Еркінге айналар жолы тым алыс әрі тым жақын. Бозбала деп айдар таққанмен, алғашқы махаббаты – Галиясын киноға ертіп барғанда «сыныптастарым көрсө қалай болар екен?», деп бейжүзе мақтанға салынып, өзі соған іштей масаттана құсетін балалық қиялы өлі төрк ете қоймаған еспірі Еркін. Ол өзіне қарағанда момындау туған ағасы Сәрсембекке онша ұқсамаған. Тәңір «өлең-өпкешке шындық үшін күрес» деп тек бұған ғана тік мінезді төгіп бере салғандай. Бірақ сол мінезден алда өзін не күтіп тұрғандығын ол өлі білмейді. Ол үшін ең маңыздысы – әділеттілік. Үлкен өмірге енді ғана қадам басса да ақ пен қараны ажырата алар зейіні оны басқалардан ерекшелет, ылғи да «талекке» сала береді. Дүниені ешқандай қалыпқа салмай, өз жүрегі мен санасының өлеңінен өткізе отырып тану – оның өмірлік қағидасы. Егер зәредей қиянатты байқар болса ең кейіпкер қариядан өңбектеген балаға дейін қолынан келсе өділ жазасын беріп, сазайын тарттыруға бар. Болмаса Галиясмен оңаша қалып, ішкі сырын жайып салуына әдейі келіп кедергі бола беретін бес-алты жасар бала Қалиды «зальым Қали» деп соншалық жек көрер ме еді? Ауылдағы ауру шешесі мен жегісі Қанышаға өткізген қорлығын біліп, әкесіндей Нүреліні сабайтыны ше? Ол бала мен қарт, бай мен жарлы деп ешкімді бөліп-жармайды. Оның түсінігінде «Адам» деген ұғым ғана маңызды. Жас бол, көрі бол, кім болсан ол бол, бірақ адамдықтан аттап кетпе! Адамдық қалыбың ес біле бастағаннан айқындалатынын меңзейтіндей.

Ауыл ішінде сыйы жоғары ағасы Сәрсембек соғысқа аттанбас бұрын оны «інім» деп алдында елпендеді Нүреліні ауыл совет председателі Нүрелінің залымдығының кесірінен Қарағандыдағы ФЗО-ға жөнелтіліп, артынан ол жерден құтыламын деп айыпсыз бола тұра бір жыл ғұмырын түрмеге беріп келе жатқан Еркін үшін әділеттіліктен өткен басқа ішкі қасиетті түсінік болуы мүмкін? Оның босашақ журналист, жазушы боламын деген таудай талабының алыс та азапты жолы сол кезден басталған. Бір емес, бірнеше рет ең құнды дүниелерін ұрлаптып алып, өзі ашқұрсақ болып жүрген кезінде «ғұмырының жартысы жоғалған нанмен бірге кетіп» бара жатса да тағдырдан алған сабағын

қайталап көруге тырыспайды. Жиіркеніп, дайын дүниеге ие шығуды өзіне ар санайды. Бір жыл өтіп, жат мекеннен тезірек туған жері Тұйыққа жетіп алу үшін Алматыдан Қарасазға дейін үш жүз елу шақырым жерді сіңірін сүйретіп, жаяу басып келе жатқан ол өзіне жөкжәт Балжанның үйіне әзер кіргенде азып-тоған жұпыны халінен оны танымай қалған Ғалия сыртқа қарай жүгіріп, шешесіне барып: «Апа, үйге бір қайыршы бала кіріп кетті», – дейді. Еркін үшін қорлықтың ең ауыр түрі түрме де, аштық та емес, міне осы. Қаламгер өзіне соншалық жақын тартқан адамның бір-ақ сәтте жатбауыр болып шыға келуі мүмкін екендігіне оқушыны осылай иландырады. Бас кейіпкердің тезірек мұратына жетуін тілеп, ынтызар болып отырған оқушыға бақыт табу оңай еместігін өмірлік оқиғалармен суреттей отырып, осылай сабақ береді.

\*\*\*

Оның кейіпкері «тағдыр» деген сөзді жиі айтқанымен, өмірге өкпелемейтін жан. Қалайда дүниеден өз үлесін алғысы келеді. Оны ешкімнен сұрап алмайды, намысы жібермейді. Өзіне тиесіліні өділет жолымен алуды көздейді. Еркіннің кейбір толғаныстарынан «өзгеше ойлайтынын» байқау қиын емес. Бейнебір өз дәуірін озып кеткендей. Сөз жүзіндегі емес, іс жүзіндегі теңдікті, демократияны көксейді.

Қаламгердің басқа да шығармаларындағыдай, бұл туындысындағы бас кейіпкер мінезі де Бердібектің өз мінезіне қатты ұқсайды. Көркем туынды болғандықтан қиялдан туған оқиғалар да аз емес. Мектепте мұғалім болып жүрген Еркін жоғарғы жаққа (Мәскеуге) арызданатыны бар. Қиянат көргендіктен шағымданады. Одан да ершенде шықпаған соң Алматыға қайта оралады. Шығармада бас кейіпкер тура сөйлегені үшін ылғи да бір нәрсеге ұрынбай жүре алмайтынын айта береді. Шынында да солай. Өлеңде «ол неге бұлай істейді?!» деп жақтырмай да қаласың. Кейіпкердің ағынға қарсы келе беретін «қиқар» мінезі кім-кімді де мезі етуі мүмкін. Бірақ артынан ойлана келе оның дұрыс екенін іштей мойындайсың.

Дүниеде ешбір нәрсе оп-оңай сен ойлағандай бола салмайтынына тағы да бір рет көзің жетеді. Мейлі, сенікі дұрыс болсын, бәрібір сен ойлағандай бола салмайды екен. Оның кейіпкерлері батыр да, танымал тұлға да емес, қара халық. Сағымдай бұлыңғыр армандарына жету жолында дәрмені құрыған қара халықтан шыққан қарапайым адам. Сол кішкентай адамның мұратына жетуінің нөбір қиын да күрделі, арпалыс жолындағы тағдыр-тауқыметіне куә боласың. Куә болып қана қоймай сонымен бірге қиналасың. Әйтеуір ойлаған мақсатыңды жүзеге асыруға келгенде алдыңнан кес-кестеп кедергі шыға береді. Намысқа тырысып, берілмеймін дейсің, бірақ... Бірақ өлдеқайда тап болған алапат күш келеді де өз қолыңмен қалаған қабырғанды қиратып кетеді. Сонда да беріліп келмейді. Кейіпкермен бірге тыныс алып, дегбір таусылған оқырманды жазушы қараңғы түннен тәлір-төретіп өкеледі де жарыққа қарай сүйрей береді. «Берілуге хақың жоқ!» дейтіндей. Енді шығарманың соңына жеткенше тоқтай алмайсың.

\*\*\*

Соғыс... Бастауыш сыныптан-ақ ұстаз шаралатының арқасында Отан деген ұғыммен пара-пар санаға сіңген «қасиетті сөз». Әсіресе жыл сайын тойланар 9 мамыр мерекесі патриоттық сезімнің шырқау биігіне көтерілген сөзі. Соғыс десе өлі күнге көз алдымызға жауқұрқектер елестейтін содан шығар. Бердібек Соқпақбаев шығармашылығынан түйсінер тағы бір пайым – қаламгер санасының соғысты қабылдай алмайтындығы. Еркіннің жиі



қайталайтын сөзі: «Соғыс – біреуге соғыс болса, біреуге ырыс». Кейіпкер романда осы сөзді бірнеше рет айтады. Бұрын соғыс сөзінің трагедиялық астарын біле тұра, іштей оны өрліктің баламасы санайтын оқушы өзі әуелде сан-саққа көтуі мүмкін. Шығармада әскерге өз еркімен сұранған Еркін «Сонау соғыс жоқ бала кезде мен әскердің сурет боп, қатып тұратын киіміне, астындағы сөйгілік атына, асыған мылтық-қылышына қызығатын едім. Қызыл әскер болуды арман ететінмін».

Сол кезде солдат болдың екен деп бірден жаңа киім бермейді. Майданға жөнелтілгендердің иығынан сыпырылған көнетоз ескі киімдер береді. Оны киіп, сурет боп, қатып қала қоймайсың...», – дейді. Қаламгердің соғыс деген сөзге ішкі қарсылығы роман атауынан-ақ байқалады: «Өлеңдер қайтып келмейді». Бір отбасын асырап отырған Сәрсембек майданға аттанғаннан кейін артынан тым болмаса қара қағаз да келмей, кеткен ізімен қайта оралмауы романның ең бойындағы бар салмақты ұстап тұрғандай. Қаламгер адамның қандай қиын күнде де арына дақ түсірмей, адам бол қалуың мейлі қарапайым болсын, оның да бақытқа жетуі, өмір сүруге құқылы екендігін көрсеткісі келген. Бас кейіпкердің Еркін аталуы да кездейсоқ емес. Ол шын мәніндегі еркіндікті көксейді.

Ой-санасы қалыптасқан жан үшін екі адамның араздасқаны қаншалық оғаш көрінесе, екі елдің жауласуы тіпті оғаш көрінері ақиқат. Жер бетінде мыңдағын жылдардан бері соғыс болмай тұрмаған ел жоқ көрінеді. Тіпті бейбітшіліктің ұзақ мерзімі жүз жылға ғана созыларын ғалымдар да дәлелдепті-ақ. Сонда адамдар не үшін соғысады... мұның себебі көп болғанымен жауабы жоқ, 1966 жылы жазылып, «Жұлдыз» журналына ұсынылған соң кездері бас редакторы оқып шыққаннан соң «идеялық тұрғыдан қанағаттандырмайды» деген сылтаудан кейін ширек ғасыр өтіп, 1991 жылы дәл осы басылымның №4 санында толық нұсқасы жарияланған хикаяты – «Ережелілер өліне саяхатта» да соғыс тақырыбы көтерілген. Иә, бұл сідерге мөллім дәл сол Гүлливтер барған Ережелілер өлі. Айыр-машылығы тек бірнеше ғасыр өтіп, оған Гүлливтер емес Бердібек Соқпақбаевтың өзі барады. Барады да ондағы адам айтса нанғысыз өзгерістерді көріп, таң қалады. Бұл хикаятының жазушы қиялынан туғанын бірден байқаған шығарсыздар. Оған кейіпкер Берді ойда-жоқта өз үйінің балқондында танысқан ережелілі досы Елдесердің шақыртуымен барады. Қонақты күтіп алуға Ережелілер өлінің президенті Жасабол шыққанда басшының өзі қарсы алғанына қуанып кеткен кейіпкер: «– Ережелілі халқын бақытқа жеткізуші данышпан көсем Жасабол жасыңың!», – деп, сөзін мақтаумен аяқтайды.

Оның әр сөзін Ережелілі тіліне аударып тұрған Елдесер соңғы сөзін аудармай, бетіне бажырая қарап: – Біздің президентімізді сіздің жө-

бірлегіңіз келе ме, – дейді. Оның бұл әрекетін түсінбей қалған ол:

– Қалайша, – деп таңырқағанда Елдесер:

– Пәндік көзіне мақтап қолпаштау, біздің елдің дәстүрінде өте ұят емес. Жәбірлеп тілдегенмен бірдей сөкет қылып, – деп жауап беріп, оны састырады.

Ережелілер өлі үш жүз жыл бұрын Гүлливтер барған кездегіден мүлде өзгерген болып шығады. Ғылым мен техника қарыштап дамығаны сондай, тіпті бұл елдің халқының бар жұмысын машиналар атқарады екен.

«Үш мың алты жүзінші айдың он бесі күні бүкіл Ережелілі империясы бойынша ең зор мереке «Бейбітшілік күні» болып тағайындалады. Сол күні армия түгел таратылып, қару-жарақ түгел жойылуға тиіс». Жазушы «өзі барып қайтқан» Ережелілер өлінде «жер бетіне өмір емес, өлім сөбуге ар-налған жәшік-жәшік ажалдар (бомба, снаряд, оқтар)» қалай жойылғанын сипаттаған. Соғысқа деген шіркі қарсылығын осылай жеткізуге тырысқан.

\*\*\*

Соқпақбаев қаламынан дүниеге келген туындылардан байқалатын тағы бір ерекшелік – өзі өмір сүріп отырған дәуірден озып кеткендігі. Суреткердің түйсігі мен қиялынан туған кейіпкерлер тілімен жеткізген оқушыға ой салар әрбір сөзінен мұны байқауға болады. Оның кейіпкерлері ылғи да тура сөйлеймін деп онык жел қалатындарын жиі айтады. Шығармаларында ол үнемі бірінші жақтан баяндайды. Сондықтан да кейіпкер айтқан әр сөзінен жазушының өзі мінезі көрініп қалып отырады.

Жол бойында Дінмұхаммед Қонаевты туған күнімен құттықтау үшін оның үйіне жол тартқан ақын-жазушылармен кездесуке кездесіп қалып, бірге барған қаламгер оқығаны «Таудан түскен адам» атты естелігінде академик Рымғали Нұрғали өте әсерлі жазған еді. Сонда: «– Бүгінгі меніңымау туған күнге жайған дастарқанымдағы ең үлкен адам – Бердібек. Тіпті анық шындықты айтсам, жазушы баласында қазаққа Әуезовтен кейін осы үйді көрген ең үлкен жазушы – Бердібек...», – дейді Қонаев. Ал Бердібек Соқпақбаев: «Сіз дүрілдеп тұрған шағыңызда қол-ұшын берген жоқсыз, бүгін мені мақтап, жүрегімді жара жаздадыңыз. Түгел айтатынымыз өтірік. Кітап өтірік. Газет өтірік. Адамдар арасындағы қарым-қатынас өтірік. Өтірік, өтірік. Біріннен жалынып кеттім», – дейтіні де осы отырыста. Кейіпкерлерінің «Менің осы тік мінезім-ай!» деп сан соқса да айтарын ашып айтатын қалыпқа сипас тұра мінсіз – оның шығармаларын оқи отырып, оқушы өз жеткізген ешқандай қоспасыз өз мінезі еді. Классик Бердібек пен абсолютті Ақиқат – егіз ұғым! Ол – қарапайым тіршілікті етек жақта жүргенмен, әдебиет өлемінде ешқашан үзінсіз асқар биігің, өзіңнің Тауынан өскен емес. Тау басындағы тарпаң!

Нұрлайым БАТЫР

## Дәстүр

# Қырқынан шығару

Қазақ әуел бастан табиғаттың кереметін, жұмбағын түсінген. Мезгілдердің ерекшелігін, уақытын, күн мен түннің ауысуын, ауа райын, алдағы қауіп-қатерді де күні бұрын болжай алған. Әсіресе қазаққа қырық санына қатысты ырым-тыйымдар мен ұғымдар көп. Осы ырымдарды алғаш естіген адам шындыққа жанаспайтын құр болжам деп түсінбейсіз, қайта «атам қазақ білген екен, қалай деп басып болжаған, мен мұны бұрын соңды қалай білмедім» деп таңқалуыңыз әбден мүмкін.



Бізде қырық санына қатысты «Қырқынан шығару» деген бала өмірге келгенде жасалатын дәстүр бар. Баланы қырқынан шығарудың өзі жайдан-жай шыққан жоқ. Мұндай салт жасалмаған баланың өті мен сүйегі бірікпегенін білгенін ұстап байқауға болады. Жаңа туған нәрестені шырақ жағып күзетіп, қасынан адам үзілмей бағады. Сәбиді қырық күн бойы тұзды, сабынды суға алма-көзек шомылдырып отырады. Тұзды суға шомылып өскен баланың денесі шымыр болады, аурудан қорғайды. Өскенде жарасы тез жазылатын болады. Ал сабынды су денесіндегі микробтарды тазартады. Маралшөп қосылған су баланың тез ширауына көмектеседі. Ал қырық күннен аман өткен нәрестені қарақұлақтан деп қуанып, қырқынан шығару тойын жасайды. Ол қыз балаларды қырқынан 40 күннен асырып шығарса, ұл баланы 40 күнге жеткізбей де қырқынан шығара беретінін айтады. Айтуынша, әдетте қырқынан шығарғанда қырық қасық су құйылған ыдысқа күмістей жарық болсын әрі таза, адол болсын деген ниетпен күміс сақина, жүзіктер салынатын болған. Күміс адалдықтың, тазалықтың символы саналған.

Бұл турасында қазақтың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова аламыз өз кітабында қырық санының адам жаратылысымен тікелей байланысын айтып берген. Ол кісі «...Қырық күн қырық саны адам жаратылысымен тікелей байланысы болғандықтан қасиеттейді. Бойға бала бітінде ештенені артық-кем жаратпаған Алла Тағаланың құдыретімен бір тамшы суы қырық күнде қанға айналады, қаннан қырық күнде өтке айналады. Тағы қырық күнде өткен сүйек пайда болады, одан қырық күн өткен соң, ет пен сүйекке жан бітеді және қырық күн өткенде жан алған ет пен сүйек адам пішініне өнеді. Содан кейін шақалаққа сөзімі жазылатын пайда болуына қырық күн кетеді. Тағы қырық күнде бала толысады. Сөйтіп, 280 күн – қырық аптада, анығын айтқанда, тоғыз ай, тоғыз күнде нәресте өмірге келеді. Баланы қырқынан шығару – жоғарыдағы қырықтардың соңғы жалғасы» деп келтіреді. Мұндағы «қырқынан шығарудың» да баланың жетілуімен байланысы бар. Яғни өмірге келген нәрестеге қырық күн толғанда өті мен сүйегі бірігеді. Жас сәбиді алғаш рет күміс салынған суға шомылдырғанда отыз омыртқақ бекісіп, қырық қабырға қатсын дейді. Артынан сәбиді шомылдырған өлеңдер күмісті өзара бөліп алады. Жас сәби дүниеге келгеннен кейін қырық күн бойы өшкімге көрсетпей, шашын және тырнағын алмау әдеттеріміз де бар.

Дайырндаған А.АЛТЫНБЕК

## ЖОБА

### Жалағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2024 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10-тармағына, «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №181 бұйрығына сәйкес, Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалағаш ауданы бойынша 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсандағы қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы **У.Елеусинов**

## ПРОЕКТ

### Об утверждении ставкоу туристского взноса для иностранцев на 2024 год по Жалағашскому району

В соответствии с пунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 июля 2023 года №181 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев», Жалағашский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить ставки туристского взноса для иностранцев в местах размещения туристов по Жалағашскому району с 1 января по 31 декабря 2024 года включительно в размере 0 (ноль) процентов от стоимости пребывания.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель Жалағашского районного маслихата **У.Елеусинов**

## Әңгіме

# Жол

Бес жасар ұлы Балғынды Бәзіл жылқышы алдына мінгізіп алған. Түні бойы көмекшісі баққан жылқыны көнігі көзбен аралап, түгендеп, көңілі жай татқан соң енді сәскелі қымызға үйге қайтқан беті. Жайлаудың адырлы көуден тіле түсіп, жіпше шубалған жалғыз аяқ соқпақ жолмен келе жатыр. Астында құйрық жалай төгілген аяңшыл торы.

Әкесінің алдына мінгіп алу – Балғын үшін құмар іс. Дүниенің төбесінен қарағандай болып, мерейленіп қалады. Аса бір жетіскен көңілмен сәбилік қиялы шартарлақа жосылып, өзімен-өзі іштей күмбірлен сөйлесіп келе жатыр. Екі кезі таспадай шубалып, таусылмай алға бастаған соқпақ жолда. Кенет ол әкесінен: – Ата, осы жолмен жүре берсе, жүре берсе, қайда барады? – деп сұрады.

– Анау таудан асып, өзіміздің ауылға барады, – деді Бәзіл. – Сол жерде таусыла ма? – Жоқ, таусылмайды. – Одан әрмен қайда барады? – Дуылдан әрмен даңғыраған тас жолға қосылады да, ауданды барады. Есжан ағаң қызмет істеп жүрген жерге барады.

Бір сұрақты бастаса, түбіне жетпей Балғын сіре да тоқтамайды.

– Одан өрі қайда барады? – Одан өрі Алматыға барады. – Алматыдан өрі қайда барады? – Пойыз жүретін темір жолды білесің бе? Естіп не едің? – Білемін. – Білсең, тас жол одан өрі темір жолға қосылады да, тартқаннан тартып отырып, Мәскеуге барады. Жол атаулының барлығы Мәскеуде тоғысады.

\*\*\*

Жол жайындағы әңгіме Балғынның көңіліне нық орнады. Өмірдің мағыналы жағын ашып танығандай болды. Таспадай шубатылған әлгі соқпақ жол бұлардың үйінің нақ іргесінен өтеді. Балғын енді сол жолмен тоқтамай жүре беруді армандайтын

болды. Сонда алдынан ерте ме, кеш пе, жарқ етіп Мәскеу көрінетініне ол шүбәсіз сенеді.

Бір күні Балғын әлгі ойдың жетегімен Айнабұлақтың жасырын қоныстап отырған жылқышылар мекенінен едеуір ұзап шығып кетті. Соқпақ жолды қуалай жүріп келеді, жүріп келеді. Бірталай жүріп, деңнен асты. «Шіркін-ай, анау!» таудан асып және бірнеше таудан асса. Мәскеуге жетіп барар едім-ау!» – деп қиялдайды. Көзбекез барып кермесе де, суреттерден кинодан көріп таныған ұлы қаланың бейнесі, оның көз алдынан кетпейді. Жер бетіндегі ұлы-кішілі саналуан жолдардың бәрі Мәскеуге барып тіреліп, тоғысып түйскенін қалпында көріп тұрғандай әсер алады.

Кремль мұнарасы, Ленин Мавзолейі, Қызыл алаң – осының бәрі де

Балғынның жадындағы суреттер.

Жағасы жібеткей көгал шөппен көмкерілген соқпақ жол «жүр, жүре бер, тоқтама» деп Балғынды емексітіп жетелей түскендей болады.

Сонау беткейде бір қора қой жайылып жүр. Кілең бірыңғай ақ қойлар. Одан әрменіректе жұмыртқадай аппақ болып күнге шағылынып, малшылардың ақ үйлері көрінеді. Соқпақ жол тартқан сымдай қарауытып солай кетіп жатыр. Бұлай жүріп, Мәскеуге жете қоюы оңай емес екенін Балғын өріне түсінеді. Енді ол осы арада тоқтады да, ілгері қарай қиялымен самғады. Соқпақ жолмен зымырап ауылға, ауданға жетті. Одан соң машинаға отырды. Асқар тау, айдын көлдерді артақта тастап және зырлап берді. Алматыға жетті. Енді Балғын пойызға

мінді. Паровоз айқайын салып, жер ашысын қуырып алға тартты. Бүкіл дала дөңгелеңіп артта қалып жатыр. Ұшқан құз қалбақтан қызарып жанған қызыл жұлдыз, текшеленген зәулім үйлер көрінді. Бұл Мәскеу!

Арт жақтан тасыр-тұсыр ат дүбірі естілді. Соны естіп қиялы шарт үзілген Балғын артына жалт бұрылып қарады. Үш-төрт салт атты көлденеңдеп өтіп барады екен.

Бұлар қаладан келген артистер болатын. Олардың біреуі: – Мына баладан сұрайыңшы?! – деп ат басын Балғынға қарай бұрды: – Балақай, мына қол қайда барады?

Балғын кідіріп, мүдірген жоқ: – Бұл жол Мәскеуге барады!

Бердібек СОҚПАҚБАЕВ

Жалағаш ауданы – 85 жыл

# Жер-су атаулары: тарихы мен тағдыры



Жалағаш ауданындағы жер-су атауларының шығу тегі мен тарихы әрқалай. Музей қызметкерлері бұған дейін де олардың тарихын зерттеп-зертделген. Ауданның 85 жылдық мерейтойы қарсаңында солардың бірқатарын оқырмандармен бөлісуді жөн көрдік.



Ақан мұнарасы

## Ақан мұнарасы

Ақан мұнарасы – Аламесек ауылдық округіндегі мұнара және қорым. Кісі есіміндей некроним. Құттыбайұлы Ақан (1722-1793 ж.ж.) – Аташал Тама руынан шыққан белгілі диқан. Ақанның Тышқанбай, Естекбай, Шуақбай, Қосыбай, Құжанбай, Сансызбай деген ұлдары егін егіп, мал баққан шаруа адамы болған. Ақан ата жер ыңғайына қарап сиыр малын көп ұстапты. Қоныс аударып келген туыс-туғандарға сауыннан көмектесіп, қамқорлық көрсетіп отырған. Ақан ата басшылығымен егіншілікке бетбұрыс жасалып, арықтар қазылады. Тары, арпа, бидай, жүгері егіліп, күнгеріс жақсара түскендіктен қоныс аударып келуші туғандар көбейді. Ақан ата 1793 жылы дүние салып, Жаңадария жағасына жерленген. Ақан зиратының қабырғалары құлап қалған жерге 2011 жылы Аламесек ауылының тұрғындары зәулім мұнара тұрғызған.

Көл Бұқарбай батыр Естекбайұлының жары Шынар Өтебайқызы есімімен қойылған. Шынаркөлдің көне атауы – Иіркөл. Бұқарбай батыр Естекбайұлының 200 жылдық мерейтойына орай 2012 жылы көлдің шығыс жағалауындағы Шынардың құлап қалған кесенесінің жанына зәулім ескерткіш орнатылды. Сыр өлінде Бұқарбай батырдың есімімен қатар Шынар ананың аты қоса аталып, біраз әңгімелерге арқау болады. Наурыз Жаппастан тараған Арқай бидің баласы Өтебастан Толыбай мен Шынар туады. Ол жасынан қонақ құтіп, елдің салт-дәстүрінен мол хабардар болып өседі. Оны ел аузындағы аңызға айналған әңгімелердің өзі-ақ аңғартады. Солардың біріне Арқадан келген Шуғыртпалы Ағыбай, хан тұқымы Наурызбай және сырбайлық Бұқарбай батырлар кездесіп, қыз хақында сөз қағысуы, үшеуіне де Шынар қыздың берген жауабы да әртүрлі айтылып жүр. Дегенмен бәрінің мазмұн-мәні батырлардың Шынар қызға сөз салуы болып табылады. Сонда Бұқарбай батыр оларға қарап тұрып: Қастасқан жауға қадалдым, Қадалған жерден қан алдым.

депті. Сонда Шынар ана «мен» деп оларға қарсы беттейді. Аяқ-қолы байлаудағы Шынар ана: ... Көбігі көкке шашылған Көлдерім саған не жазды? Тыныштыққа бөленген Түндерім саған не жазды? – деп зарлапты.

Қарсыласқан Шынарды найзамен түйреп тастайды. Өлім мен өмірдің ортасында жатқан Шынарды жау жағы көлге апарып тастап кетеді. Біраз уақыттан кейін есін жиып, жағаға шығып, үйіне қарай жылжи отырып, балаларының атын атап шақырып, қайтыс болған деседі.

Көл жағасында өмірден өткен Шынар ананы арулап, осы көл жағасына жерлейді. Міне, содан бері көл «Шынар көл» деп аталады.

## Балтажарған

Балтажарған – Қараөзек өзенінің сол жағалауындағы көл, өзек, шабындық, бөгет және ауқымды жер атауы. Жер көлемі өзек бойына он шақырымдай созылған. Көл аумағы – 40 гектар.

Бұл атау, балта ағаш шабатын, сабы бар, жүзі өткір темір құрал, қару (зат

## Шымбай жолы

Шымбай жолы – Сырдария өзенінің сол жағалауында, Жаңадария өзені бойымен өтетін ескі керуен жолы. Бұл жол ежелгі Жібекжолының бір тармағының ізін басып жатыр. Шымбай жолы Қарақалпақстандағы Шымбай қаласының атауымен қалыптасып,



Аламесек үстімен өтетін Шымбай жолы

Қан алмадым, жан алдым, Шынар қызды ендеше, Сендер емес, мен алдым, – деп дауды бір-ақ шешкен деседі. Ақылына көркі сай Шынар қызбен Бұқарбай батыр қосылып, Кетібар, Алданазар, Зылиха атты үш перзентті болыпты. Қастасып жүрген бір батыр «Бұқарбай ауылында жоқ» дегенді естіп, «ауылды шауып, Шынарды байлап өкеліндер» деп жігіттеріне тапсырма беріпті. Күйеуін күтіп жол қарап тұрғанда Күміс асардың арқа бетінен шаң көрінеді. Бұлардың жау екенін біліп, ауылға қарай шабады.

«Кім едіңдер» дегенде олар «бізге Бұқарбайдың жары Шынар керек»

есім) және жарған (өтістіктің есімшелі тұлғасы) деген сөздердің бірігуінен құралған топоним.

Жергілікті тұрғындардан жетіп отырған әңгіме бойынша кіші жүз Өмірқұл Табын руынан шыққан Қайқы батыр Ұзақұлы (1845-1918 ж.ж.) су дауы үстінде Қасқаның бөгетін Балтамен шауып, суды жығып жібергендіктен қалыптасқан атау. Яғни балтажарған «балта құрал-қаруымен бөгетті жығу, жару» нәтижесінен туындаған атау деуге негіз бар.

Марат ШӨМЕКЕЙ, аудандық музейдің ғылыми қызметкері



Алтынқорған бекінісінің қабырғасы

## Алтынқорған

Алтынқорған – Жаңадария өзенінің оң жағалауында, Аламесек ауылдық округінің орталығы Есет батыр ауылының солтүстік-шығысындағы ескі бекініс орны. Метафоралық әдіспен туындаған топоним.

Көне асар орнының қалдығы Есет батыр ауылының солтүстігінде 3 шақырым жерде егіс алқабында орналасқан. Жергілікті тұрғындар қазіргі Алтынқорғанды бұрынғы үлкен қорғанның ішіндегі бекініс деп есептейді.

Заманында қаланы биік әрі қалың етіп саз кесектен соғылған қорған күзет мұнараларымен бекіністелген. Бекініс түгілімен су толтырылған және тереңдігі адам бойынан терең болатын ор қоршап тұрған. Қожанияз, Алтынқорған, Күмісқорған және Мыңшоқы асарлары Ақмешіт пен Қуандария арасында қазақ ауылдарына билік жүргізу мақсатында салынған.

Қорғанның Алтынқорған аталу себебі Жаңадария өзенінің қос жағалауындағы бекініс-қорғандардың бастысы болған. Кезінде қабырғалары биік, төртбұрышты, айналасында қарауыл мұнаралары бар, бірнеше гектарға созылған қорған орнын 1960 жылдары инженерлік жүйемен егіс алқабына тегістеліп кеткен. Үлкен қорғанның ішкі бекінісінің қазіргі өлшемі – 60х60 метр, қабырғаларының биіктігі – 3 метр,

Қызылорда қаласы 1925-1929 жылдары аралығында Қазақстанның астанасы болған кезінде пайда болған дромоним.

Сол жылдары Қарақалпақ автономиялы облыс ретінде Қазақ АССР-ның құрамында болғаны мәлім. 1928 жылы Қызылорда округі құрамында Аламесек ауданы құрылады. Шымбай жолы осы Аламесек арқылы қарақалпақтың Тақ-такөпір, Қараөзек, Шымбай қалаларын жалғады. Тоғыз жолдың торабында тұрған Шымбай қаласы арқылы Нұқис, Мойнақ, Қоңырат, Тамды, тағы да басқа қалаларына ұласты.

Қарақалпақ облысынан астанамызға қарай Шымбай жолы Аламесек үстімен өтті. Одан соң Кетібар мұнарасы іргесімен Сырдария өзенінің Александровск (қазіргі Талсуат ауылы) елді мекені тұсында сал өткелі арқылы Қызылорда қаласының батыс қақпасынан кіретін болған. Осы жолмен Қызылорда қаласына кірген көше аты Шымбай көшесі атанады. Ал қаланың батыс ауданы болса, уақыт өте келе Шымбай шағын аудан болып бекітіледі.

## Шынаркөл

Шынаркөл – Сырдария өзенінің оң жақ аңғарында, Мөрәлі ауылының батыс теріскейінде 2 шақырым жердегі көл атауы. Кісі есімінен туындаған лимноним.



Шынардың белгісі. Ескерткіш авторы Б.Бұйрабаев

## Тарту



## Біздің аудан осындай

Тарихы жатқан тереңде,  
Туған жерім Жалағаш.  
Мың тоғыз жүз отыз тоғыз болайын,  
Ақ төбеден мал ауып,  
Сейілгендей болып еді бар уайым.

Келді міне, жеріңе,  
Сурапыл соғыс дабылы.  
Тарап кетті еліңе,  
Майданға кетіп ағалар.  
Қанша ата оралмай,  
Қалды неміс жерінде.  
Елін, жерін қорғаумен,  
Өмірлерін қиды той,  
Түр бүгінде олар тарих төрінде.

Көрсеткіш мынау тақтада,  
Екі бірдей ағамыз,  
Ел-жұртына сыйлы той.  
Қанша боздақ ағалар.  
Өйттіп өмір қиды той.  
Артында қалған балалар.  
Аяулы жары, аналар,  
Жетімдіріп, өсіріп,  
Қатарға міне, енді той.

Осы түсіп есіме,  
Оқып мынау тақтаны,  
Жата алмадым төсекте.  
Шағын шумақ арнадым,  
Мен де жырмен шешіле.

Айып етпе, оқырман!  
Бәрімізге ортақ бұл,  
Не бір боздақ кетті ме?  
Тереңнен талдаңдар,  
Кейінгі ұрпақ солардың,  
Қадіріне жетті ме?.

Жыламай жар мен балалар.  
Сірә елде қалды ма?  
Фашист деген қаншер.  
Салды елге ойранды,  
Басқа қайғы салды да.

Ағалар не көрмеді?  
Немістерді індетіп,  
Берлинге тіктің жалауын.  
Қазақтың атын қалдыртып,  
Батыр туған боздақтар.  
Сол тұста да ерлерді.

Риза болсын аруағы,  
Шағын шумақ арнаған.  
Кейінгі қалған балдары,  
Пейіштен болсын жандары.  
Оқып тұрып алдында  
Едеде тартқан қарт балаң,  
Осы жырмен арнады.

Шежірелі даласы,  
Жырға толы Жалағаш.  
Ашылмаған қойнауы,  
Сырта толы Жалағаш.  
Әлі талай жырларын,  
Тыңдатады Жалағаш.  
Табысымен талайым,  
Үн қатады Жалағаш.

Жетістігін жасырмай,  
Тарихың бар тасырдай.  
Адал еңбек етеміз,  
Ырысыңды қаширмай.  
Тереңде жатқан тарихы,  
Біздің аудан осындай.

Сәндібек КҮМІСБАЙҰЛЫ,  
аудан ардагері



Меншік иесі:  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
Бас редактор  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Телефондар:  
Бас директор - 8(7242) 70-00-36  
Бас редактор - 32-0-41  
Бас редактордың орынбасары,  
жауапты хатшы,  
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 84